

*Мұхаммед Хайдар Дулати
атындынғы Тараз мемлекеттік
университеті*

**“Саяси идеология
және оның негізгі
түрлері”**

Орындаған: Кеулімқосов Бексұлтан

Қабылдаған: Иманбекова Гультыра

Тараз 2017

*Идеология дегеніміз-адамдардың іс
әрекеттеріне бағдар беріп, олардың
мақсат мүдделерін білдіретін және
қорғайтын идеялар жиынтығы*

Идеологиялық саяси сана

Саяси болмысты түсіндіреді
және оны сақтауға немесе
өзгертуге іс әрекетті бағыттайды



Либерализм

Либерализм латынша “Либералис” – “еркін” деген мағына білдіреді. Оның негізін салушылар: Дж. Локк, Ш.Л.Монтескье, А.Смит, И.Кант, Т.Джефферсон, А.Токвиль, Дж.Милль.

Либерализм-ең кең дамыған идеологиялардың біреуі. Ол үшінші сословиенің идеологиясы ретінде пайда болғанымен, кейін келе оның көптеген принциптері жалпыадамзаттық қажеттіліктерге сай келіп, ойынан шықты.

Либералдық идеологияның негізгі принципі:

- адамның еркіндігі;
- тұлғаның табиғи құқықтары мен бостандықтарының қасиеттілігі мен ажырамастығы;
- олардың қоғам және мемлекет мүдделерінен жоғары тұруы;

Жаңарған либерализм (неолиберализм): онда еркін нарықтық тетіктерді қалпына келтіру үшін мемлекет белгілі мөлшерде экономикалық және әлеуметтік салаға араласу керектігі негізделді. Жаңарған либерализмнің негізгі өкілдеріне Ф.Фон Хайек, Дж.Кейнс, Дж.Гэлбрейт және т.б.жатады.

Консервативтік

Консервативтік латынның “Консервативус” – “қорғаушы” деген мағына білдіреді.

Консервативтік идеология Ұлы Француз революциясының саяси идеялары мен оқиғаларына жауап ретінде дүниеге келді. Консерватизмнің негізін қалаушыларға

ағылшын філсафашысы және мемлекете қайраткері Эдмунд Берк, француз публицисі және қоғам қайраткері Жозеф де Местр, немістің тарихшысы, құқықтанушысы Фридрих Фон Савиньи, Австрияның канцлері Меттерних және т.б.

жатады.

Жаңарған консерватизм (неоконсерватизм). Ол жеке адамның құқықтары мен

бостандықтарының басымдығын мойындауға бет бұрды. Билікке төбе топ, аристократиялық көзқарастар тұрғысынан қарауды бәсеңдетті. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметтері едәуір шеттетілді. Мемлекеттік меншік

жекешелендірілді. Жаңарған консерватизм өкілдеріне Д.Белл, З.Бжезинский, Н.Кристалл, және т.б.жатады.

Коммунистік

Коммунистік латынның “Коммунис”- “жалпы” деген сөзінен шыққан Коммунистік идеялар ХІХ орта кезінде дүниеге келген. Негізін салғандар: Карл Маркс пен Ф.Энгельс. Олар жан-жақты дамыған, еркін адамды қалыптастырғылары келді. Ол үшін тап күресі жүргізілуі, жұмысшы табы

буржуазияны құртуы керек. Олардың ойынша, социализмді орнататын бірден-бір құрал-социалистік революция. Оны жасай алатын бірден-бір күш – жұмысшы табы.

ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында марксистік саяси идеология революциялық және реформистік болып екіге бөлінді. Революциялық ағымды В.И.Ленин басқарды. Реформистік идеялар немістің социал демократы Э.Бернштейн мен немістің тарихшысы және экономисі К.Каутскийдің еңбектерінде дамытылды.

Социал- демократиялық

Социал-демократия идеологиясы “демократиялық социализм” идеясын алға тартты. Оның басты құндылықтары:

1. еркіндік
2. теңдік
3. әділеттілік
4. ынтымақтастық

Саяси демократияға мынадай негізгі принциптер кіреді:

- адам құқықтары
- сөз
- ой-пікір
- баспасөз
- білім алу
- ұйымдар құру
- дінге сену бостандығы т.б.

“Демократиялық социализм” тұжырымдамасы Швеция, Австрия, Швейцария, Норвегия және т.б. Еуропа елдерінде табысты іске асуда. Социал-демократиялық партиялар Латын Америкасында, Азияда, Таяу Шығыс елдерінің бірқатарында мықты позицияға ие болып отыр.

Фашизм

Фашизм Италияның “Фашизмо” – “бірлестік” деген сөзінен шыққан, 1919 жылы Италия мен Германияда пайда болған. Негізін салушылар: Ф.Ницше, Дж.Джентилле, О.Шпенглер.

Бұл идеологияның басты ерекшеліктері:

- ❖ еңбекшілерді басып-жаншу үшін зорлықтың шектен шыққан түрлерін қолдану;
- ❖ шовинизм;
- ❖ нәсілшілдік;
- ❖ экономиканы мемлекеттік-монополиялық реттеу тәсілдерін пайдалану.

Фашистік идеологияның негізгі қағидалары А.Гитлердің “Менің күресім” деген кітабында баяндалады.

Қазіргі кезде фашистік идеологияны көпшілік жаратпайды. Дегенмен, бірқатар елдерде жаңарған фашистік топтар пайда болуда. Олар террорлық әрекеттер арқылы қоғамдық жағдайды, шиеленістерді, саяси дағдарыстарды тудыруға ықпал етеді.